



Ақмешіт

9 тамыз
сенбі

№59 (2172)

2025 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ҚАЙТҚАН ҚАРЖЫДА ҚАЙЫР БАР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында «Капиталды қайтару туралы заң аясында құрылып жатқан қор «ұзақ мерзімге арналған қаражаттың» тағы бір көзі бола алады. Түскен қаржының бәрі елдік мәселелерді шешу үшін барынша тиімді әрі ашық жұмсалуда тиіс» деген болатын. Ел Президентінің тапсырмасымен бүгінде заңсыз иемденген активтерді мемлекет меншігіне қайтару жөніндегі комиссия құрылып жұмыс істеуде.

Ресми мәліметке сүйенсек, бүгінгі күнге дейін шамамен 610 млрд теңгенің активтері, атап айтқанда, 506 млрд теңге көлемінде ақшалай қаражат, сондай-ақ құны 103 млрд теңгеден астам мүлік қайтарылған. Президент тапсырмасымен қайтарылған актив қаражаты елдің әлеуметтік саласындағы мәселелердің шешімін табуына жұмсалуда. Қайтарылған активтер қаржы есебінен Сыр өңірінде де өзекті деген мәселелер шешімін табады. Бұған дейін өңірдегі сумен жабдықтау жүйесінің құрылыс жұмысын аяқтауға қаржы бөлінсе,



енді алдағы уақытта жаңа медициналық мекемелер салынатын болды.

Мемлекет басшысының тапсырмасын жүзеге асыру аясында Қазақстанда заңсыз шетелге шығарылған активтерді елге қайтару арқылы әлеуметтік нысандар салу жұмыстары жалғасып жатыр. Арнаулы мемлекеттік қордан Қызылорда облысындағы денсаулық

сақтау саласындағы бірқатар жобаға шамамен 7 млрд теңге бөлінді.

Бұл қаражат Арал, Қазалы, Шиелі және Жанакорған аудандарындағы орталық аудандық ауруханалар жанынан жаңа ғимараттар салуға бағытталған. Онда инсульт орталықтары, рентгенхирургия бөлімшелері және басқа да бейінді бөлімдер ашылып,

заманауи медициналық жабдықтар: магниттік-резонанстық томография, компьютерлік томография және ангиографиялық қондырғылар орнатылады. Нәтижесінде ауылдық жерлердегі 300 мыңнан астам тұрғын мамандандырылған медициналық көмекке қол жеткізеді.

«Ақмешіт-ақпарат»

Сара Бақтиярқызы,
Абайтанушы, филология ғылымдарының кандидаты:

АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ – ӨМІРЛІК МЕКТЕП

Абай әлемі – өзіне елітіп, тарта кететін бір ерекше тылсым құбылыс. «Қалың елім, қазағым» деп тұрып, халқын қараңғылық құшағынан шығарып, жарық әлемге ұмтылдырғысы келді. Бүгінде Абай сөздерінің үлкен бір тәлім мектебіне айналғаны өмір шындығы. Қазақ үшін еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін Абайды оқу дәстүрге айналуы тиіс. Өйткені Абай шығармаларында қазақтың үні жатыр. Біз Абай әлемін тану тұрғысында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты, Абайтанушы Сара Бақтиярқызымен сұхбаттасқан едік.

4-БЕТТЕ



■ ӘРІПТЕС МЕРЕЙІ

ТУҒАН ЖЕРГЕ ТАҒЗЫМ ЕТКЕН АҚЫН

Мақпалкөл ауылдық округінде ақын, «Ақмешіт апталығы» газетінің тілшісі, Қазақстан Республикасы Ақпарат саласының үздігі, белгілі журналист, туған жерінің тұғырын биіктетіп жүрген танымал каламгер Гауһар Қожахметованың «Мақпалкөлдің аспаны» атты кітабының тұсаукесер рәсімі өтті.

Тағылымы терең, рухани мазмұны зор бұл шараға аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов, облыстық мәслихат депутаты Әмірбек Шаймағанбетов, «Сыр медиа» ЖШС директоры Мәрат Аралбаев, өңірлік БАҚ өкілдері, зиялы қауым мүшелері мен ауыл тұрғындары қатысты.

Салтанатты жиында аудан әкі-



мінің орынбасары Ғани Сүлейменов Гауһар Асқарқызын 60 жасқа толған мерейлі мерейтойымен және жаңа туындысының жарық көруімен құттықтап, аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың құттықтауын жеткізіп, сый-құрмет көрсетті. Сондай-ақ «Сыр медиа» ЖШС бас директоры Мәрат Аралбаев Қызылорда қаласы әкімі Нұржан Ахатовтың құттықтауын табыстады.

«Мақпалкөлдің аспаны» кітабы – туған жерге деген сағыныш пен құрметтің, ұлттық рух пен сыршыл

сезімнің көркем туындысы екенін жеткізген зиялы қауым өкілдері жинақ көпшілік оқырманға ой салып, ұрпақ тәрбиесіне үлес қосатын шығарма ретінде бағалады.

Рухани шара барысында жаңа кітаптың тұсаукесер рәсімі өтіп, жынға қатысушыларға сыйға берілді. Жалпында 60 жасқа толған ақынның ауылға барып шығармашылық кеш өткізіп, туған жерге тағзым етуі кейінгі буынға үлгі боларлықтай тағылымды іс.

■ ТАМЫЗДЫҢ ЕКІНШІ ЖЕКСЕНБІСІ –
ҚҰРЫЛЫСШЫЛАР КҮНІ

ҚАЛАНЫҢ ТӨРІНДЕ ҚОЛТАҢБАМ ҚАЛҒАН ҒИМАРАТ КӨП

Бұл – «Техостнаска-Ремсервис» құрылыс компаниясының қызметкері Ғалымжан Мәліковтің сөзі. Ол мекеме ашылғалы бері осында жұмыс істеп келеді. Құрыш қолды құрылысшының айтуынша, облыс орталығындағы көкпен тірескен зәулім ғимараттың талайында қолтаңбасын қалдырған. Бүгінде олар Сырдарияның сол жағалауындағы жаңадан салынып жатқан сауда нысанының құрылыс басында жүр.

3-БЕТТЕ

Айдын ӘНУАР,

Қызылорда қалалық құрылыс бөлімінің басшысы:



ҚАРҚЫНДЫ ҚҰРЫЛЫС — ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ КӨРІНІСІ

Қызылорда қарқынды құрылыс алаңына айналды. Сырдарияның сол жағалауы көз алдымызда үлкен қалаға айналып келеді. Заманауи тұрғын үйлер бой көтеріп, әлеуметтік нысандар да қала келбетіне көрік қосып тұр. Тамыздың екінші жексенбісі – құрылысшылар күні. Осы ретте біз Қызылорда қалалық құрылыс бөлімінің басшысы Айдын Әнуармен сұхбаттасуды жөн көрдік.

– Айдын Серікұлы, еңгіменің алқиссасын баспана мәселесінен бастасак... Қазіргі таңда өңірдегі құрылыс қарқынына қарап қуанып отырамыз. Баспанасы бас ауруына айналған қанша халықтың қуанышы бар ғой...

– Әрине, тұрғын үй құрылысы жөнінен біздің өңір алдыңғы қатарда келеді. Тұрғын үй құрылысын салу бағдарламасы бойынша 2 886,4 млн теңге бір ғана сол жағалаудағы №2 ықшам ауданында 40 пәтерлі 10 тұрғын үйдің құрылысын аяқтауға бөлінді. Жоба құны 8 млрд 649,1 млн теңге тұрады. Жалпы ауданы – 28 905 шаршы метр. Ал 2024 жылы 5 млрд 762,5 млн теңге бөлінген. Жоспар негізінде 2 471 млн теңге толық игерілді.

– Тұрғын үй құрылысы бағытында тағы бір сұрақ. Пәтер беруде осал топтар мен апатты үй нелерінің мәселесі бірінші кезекте қаралады. Солай емес пе?

– Онығыз рас. Кезекте тұрған көпбалалы және осал топтағы азаматтарға пәтер сатып алуға 30 516,939 млн теңге, апатты деп танылған тұрғын үйде тұрып жатқан азаматтарға 135 пәтер сатып алуға облыстық бюджеттен 1 672,704 млн теңге, республикалық бюджеттің 3 827,945 млн теңге, облыстың бюджеттің ішкі көздерінің қаражатынан берілетін кредиттер есебінен 25 016,2 млн теңге бөлінді. Бүгінгі күнге осал топ санатындағы кезекте тұрған отбасыларға 136 пәтер сатып алынды. Жоспар бойынша республика қазынасынан 1 672,5 млн теңге және облыстың қаржы қазынасынан 592,7 млн теңге қаржы толық игерілді.

– Жаңа шағын аудандардың қалыптасқаны жақсы. Қала аумағы да, қалаға қарасты кеңіттер мен ауылдардың да ауқымы кеңейіп жатыр. Бұл жерде инфрақұрылым бағытында мәселе жоқ па?

– Инженерлік инфрақұрылымды дамыту бағдарламасына 6 328,5 млн теңге қаржы, оның ішінде республикалық бюджеттен 460 млн теңге «Қызылорда қаласы Сырдария өзенінің сол жақ жағалауы бөлігінде коммерциялық үй жайлары бар 12 қабатты 66 тұрғын үй салу (4 үй) салу, электрмен жабдықтау» жобасына бөлінді. Алайда бұл жоба толықтай 2024 жылы іске асырылғандықтан бұл жобаға бөлінген қаржыны биыл жүргізілетін жобаларға бағыттауға тиісті жұмыс атқарылады. Ұлттық қор есебінен 732,1 млн теңге Жезказған тас жолының бойындағы 150 гектер жерге инженерлік желілер құрылысына бағытталды. Бұл жобаны аймаққа беделді «Қыран» мекемесі жүзеге асырады. Жоба құны келісім шарт негізінде 1 245,1 млн теңге болады.

Сонымен қатар Сырдария өзенінің сол жағалауындағы №5 тұрғын кварталының инженерлік инфрақұрылымының құрылысы, бас жоспар және телефон желілері және Қызылорда қаласы, Сол жағалау шағын ауданы, 180 А, 180 Б, 180 В, 180 Г, 180 Д корпусы мекенжайы бойынша көпқабатты тұрғын үйлерді абаттандыруға да қаражат қаралды. Бас жоспар жүргізуге 214,9 млн теңге бөлінді. Сол жағалаудағы 7 қабатты 84 пәтерлі тұрғын үйлерге инженерлік желілер салу, Ақсуат ауылдық округіне қарасты жаңа қоныс аумағының инженерлік инфрақұрылымы, электр желісін жүргізуге де қаражат бөлініп, шет аймақ та назардан тыс қалған жоқ.

3-БЕТТЕ

Қызылорда қаласына қарасты Қызылөзек ауылдық округінің тыныс-тіршілігі жылдан-жылға жанданып, көркейіп келеді. Ауыл экономикасы мен әлеуметтік саладағы өсім мен өркендеу жүйелі жұмыс пен нақты жоспардың нәтижесі екені анық. Ауыл әкімі биылғы жылдың жарты жылдығында атқарылған жұмыс барысын БАҚ өкілдеріне берген брифингте мәлімдеді.

КӘСІПКЕ БЕТ БҰРҒАН АУЫЛ

Қызылөзек ауылдық округіне қарасты Қараөзек, Айнакөл және Қараөзек бекеті елді мекендерінде бүгінде 629 отбасы тұрады. Халық саны 3502 адамды құрайды. Бұл ауыл әлеуетінің жыл сайын артып келе жатқандығының бір айғағы.

Ауылдық округтің 2025 жылға арналған бюджеті 723 млн теңгеге жетіп отыр. Бұл қаржының 70,5 пайызы алғашқы жартыжылдықта игеріліп, жоспарланған жұмыстың басым бөлігі жүзеге асты. Ауыл әкімінің айтуынша, жоспарланған жобалар кезең-кезеңімен орындалуда.

Қызылөзек ауылдық округінде экономикалық белсенді тұрғындар саны – 1756 адам. Оның ішінде 1132 азамат тұрақты жұмыспен қамтылған. 598-і өзін-өзі жұмыспен қамтып, жеке шаруашылықпен айналысуда. Ауылда жұмыссыздықпен күрес те назарда тұсы қалған емес. Арнайы мемлекеттік бағдарлама арқылы бүгінде ауыл тұрғындарына бағыт-бағдар беруде.

Мәселен, 7 адам «Күміс жас», 2 адам «Жастар практикасы» бойынша жұмысқа тартылса, 21 тұрғын тұрақты жұмыспен қамтылып, 17 азамат қоғамдық жұмысқа орналастырылған.

– Мемлекет ұсынып отырған мүмкіндікті дұрыс пайдалана білсек, жұмыссыздықты түбегейлі азайтуға болады. Мәселен, ауылда отырып та кәсіп ашуға, табыс табуға толық мүмкіндік бар. Бастысы, ниет пен әрекет қажет, – дейді ауыл әкімі.

Ауыл тұрғындарына әлеуметтік қолдау бағытында да бірқатар жүйелі жұмыс атқарылған. Мемлекет тарапынан 14 отбасына атаулы әлеуметтік көмек тағайындалып, жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен 47 әлеуметтік аз қамтылған отбасына көмек көрсетілді.

Кәсіпкерлікті дамыту – басты назарда. Бүгінде округ бойынша 197 кәсіпкерлік нысан жұмыс істейді. Ауыл тұрғындары өз кәсібін ашуға мүмкіндік беретін түрлі мемлекеттік бағдарламаларға қатысып, нәтижесін көруде. Атап айтсақ, «2021-2025 жылға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» аясында жылқы бағуға арналған жоба жүзеге асып, ауыл тұрғыны қайтарымсыз грант иеленіп, жеке кәсібін бастаған. «Ауыл аманаты» жобасы шеңберінде 2 млн теңгесмен «Шұлық шығару» жобасы қолға



алынды. Бүгінде қыз жасауын, тоқыма бұйым, сырт киім тігіп, үш адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр.

– Жас кәсіпкерлерді қолдау ауылдың ғана емес, экономиканың дамуына септігін тигізеді. Бүгінде 5 ауыл тұрғыны жеңілдетілген несие алып, өз жобаларын іске асыруда, – деді Сәкен Әбдіжаппар.

Ауылдық округте ауыл шаруашылығы бағытында да жүйелі жұмыс бар. Жалпы көлемі 476 гектар жерге егін егілген. Оның ішінде 109 гектарға картоп, 172 гектарға көкөніс, 195 гектарға бақша дақылдары отырғызылған. Ал мал шаруашылығына келсек, ауылдағы төрт түлік малдың жалпы саны 9676 басты құрайды.

Инфрақұрылым жаңарып келеді

«Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Қараөзек, Айнакөл және Қараөзек бекетіндегі тозығы жеткен электр желілері жаңартылып, заманауи СИП жүйесі орнатылды. Сондай-ақ ВЛ-10 кВ электр желісінің тартылуы – тұрғындарға сапалы электр энергиясын жеткізуге жол ашты.

Автожол құрылысы да қарқын алуда. Атап айтқанда, М.Жабағыұлы, Д.Сариев, Ж.Жабаев және Айнакөл-1 көшелеріндегі жол жөндеу жұмыстары аяқталып, пайдалануға берілді.

Ауыл тұрғындарын көптен бері алаңатқан маңызды мәселенің бірі – Қараөзек ауылына кіреберістегі «Қожақ» көпірінің жағдайы болатын. Уақыт өте ескіріп, апатты күйге жеткен бұл көпір ауыл мен қаланы жалғайтын негізгі өткел. Қазір көпірді жөндеу жұмысы қызу жүріп жатыр. Жалпы құны

292,3 млн теңгені құрайтын жоба аяқталуға жақын.

– Құрылысты «N Строй Сервис» ЖШС жүргізуде. Қыркүйек айына дейін пайдалануға беру жоспарланған. Ең маңыздысы, ауыл тұрғындарының қауіпсіздігі, – дейді Сәкен Әбдіжаппар.

Сонымен қатар округтегі үш елді мекенді газбен қамтамасыз етуге байланысты жоба-сметалық құжаттар әзірленіп, қазіргі уақытта сараптамадан өтуде.

Аяқсу мәселесі де шешімін таба бастады. Сырдария өзенінен биік орналасқан ауыл жаз мезгілінде су тапшылығын көреді. Бұл бағытта «ДСУ» учаскесіне электр желісі тартылып, жаңадан орнатылған СНПЭ-500/10 электр насостық қондырғысы арқылы Қараөзек ауылына толықтай аяқсу беріліп отыр. Дизельдік насостар «Сырдария» және «Қараөзек» арналарына орнатылып, Айнакөл мен Қараөзек бекетінің егістік алқаптарына су келуде.

Елді мекеннің көркеюі, абаттандырылуы, тұрғындарға қолайлы жағдай жасау – басты назарда. Биыл ауыл келбетін көркейтуге бағытталған жоба аясында Қараөзек бекетінде балалар ойын алаңын салу жоспарланса, Қараөзек ауылындағы «Тағзым алаңы» жөндеуден өтіп, брусчаткалар төселген. Алдағы уақытта алаң қоршауы да жаңартылмақ. Сонымен қатар демеушілер есебінен ауыл кіреберісіне атауы жазылған қақпа мен бірнеше билборд орнатылып, соғыс және еңбек ардагерлерінің баннерлері ілінді.

– Ауылдың көркеюі тек сыртқы әдемілікпен есептелмейді. Ауыл тұрғындарының мәдениеті де ауыл айнасы деп білемін. Бүгінде жүйелі жұмыс пен нақты жоспардың арқасында ауылымыз жыл өткен сайын жаңарып келеді. Алдағы уақытта аймақтағы үздік ауылдардың қатарына қосылады деген сенімдемін, – деді ауыл әкімі Сәкен Әбдіжаппар.

Қызылөзек ауылдық округінде жүзеге асып жатқан жобалар аз емес. Бұл тұрғындардың әлауақты арттыруға, ауылдың әлеуетін көтеруге бағытталған нақты қадамдардың нәтижесі. Әрбір атқарылған істің артында еңбек, жауапкершілік жатыр.

Айдана БАХТИЯР

ЖАСТАР КҮНІ ҚАЛАЙ ӨТЕДІ?

12 тамыз – Халықаралық жастар күніне орай өңірде кең көлемде аталып өтетін мәдени-көпшілік іс-шаралар легі бастау алмақ. Биылғы мерекелік бағдарламалар «Qyzylorda jastar fest» тақырыбында ұйымдастырылып отыр. «Qosyl» қалалық жастар ресурстық орталығының директоры Медет Жорабек жоспарланған іс-шаралар туралы БАҚ өкілдеріне берген брифингте баяндады.

– «Qyzylorda jastar fest» фестивалі – жастардың шығармашылық әлеуетін ояту, экологиялық мәдениетті қалыптастыру, салауатты өмір салтын насихаттау және ұлттық құндылықтарды дәріптеу бағытында ұйымдастырылып отыр. Жастар – ел ертеңі. Сондықтан олардың белсенділігін арттырып, қоғамдағы рөлін нығайту басты мақсатымыз, – деді орталық директоры Медет Ерданаұлы.

Мәдени-көпшілік іс-шаралар 8 тамыз күні «Табиғатты сақта – болашақты қорға» атты экологиялық сайыспен басталады. Бұл іс-шара – жас ұрпақтың табиғатқа деген жанашырлығын арттырып, қоршаған ортаға деген жауапкершілігін оятуға бағытталған. Экосайыста әр топ 10 адамнан құралады. Қатысушылар арнайы белгіленген аумақтан қалдықтарды сұрыптап жинауы тиіс. Қоқыстарды бөлек-бөлек арнайы қаптарға салуы тиіс. Іс-шара барысында медициналық қауіпсіздік толығымен қам-

тамасыз етіледі. Арнайы құрылған комиссия мүшелері қазылық етіп, жеңімпаздарға ақшалай жүлде табысталады.

Іс-шаралар легі 9 тамыз күні де жалғасады. Бұл күні заманауи би өнеріне қызығушылық танытатын жастар үшін ерекше мүмкіндік туып отыр. «Qyzylorda youth fest» аясында би топтары мен талантты бишілердің өнер додасы өтеді. Түрлі заманауи бағытты менгерген жастар өз өнерлерін ортаға салып, тартысты сайыс өткізбек.

Сонымен қатар қазақтың ұлы ақыны Абайдың 180 жылдығына орай «Абай сөзі» атты челлендж ұйымдастырылады. Жастар дана ақынның қара сөздерін жатқа айтып, Абай мұрасын насихаттауға өз үлесін қоспақ. Бұл бастама ұлттың рухани байлығын ұлықтауға бағытталған игі іс.

Ал 11 тамыз күні жастардың көшбасшысы Гани Мұратбаевтың рухына тағзым ету шарасы өтеді. Бұл – өткенге тағзым ету арқылы болашаққа бағдар жасайтын маңызды іс-шара.



Осы күні «Қызылорда – жастар қаласы» атты фотокөрме байқауы да өтеді. Қаланың көркем келбетін, ерекше сәттерін суретпен сөйлеткен жас фотографтар қала тарихы мен бүгінгі келбетін өз көзімен көрсетеді. Бұл байқау шығармашы жастардың көзқарасын, өнерге деген ықыласын айшықтайтын тамаша алаңға айналмақ.

Сондай-ақ мереке қарсаңында дене шынықтыру мен спортты насихаттауға арналған «Шынды бағындыр» атты турнирге тартылу сайысы өтеді. Бұл – жастарды спортқа баулуға бағытталған ерекше бастама.

Музыка өнеріне жақын жастар үшін де жағымды жаңалық бар. «Жұлдызды әуен жастармен бірге» атты акустикалық ән кеші ұйымдастырылады. Кеште жас

әншілер өздерінің авторлық және танымал туындыларын шырқап, таланттарын көрсеткенге паш етеді.

Жастар мерекесіне арналған қорытынды кеш 12 тамыз күні өтеді. Бұл күні орталық алаңда «Qyzylorda youth fest» атты гала-концерт ұйымдастырылады. Сахна төрінде өңірдің үздік өнерпаздары, жас таланттары өз өнерін көрсетеді. Мерекелік кештің жұлдызды қонағы «BELLUCCI» тобы да өнер көрсетпек.

– Жастардың шығармашылығына жол ашып, қоғамдық өмірге белсене араласуына жағдай жасау біз үшін маңызды іс. Сондықтан барша қала жастарын халықаралық жастар күніне арналған іс-шараларға белсене қатысуға шақырамыз, – деді Медет Ерданаұлы.

Айдана БАХТИЯР

«ЖҰПАР ЖҮРЕК»: ҮНСІЗДІК ДАУЫСЫ

Қоғамдағы тұрмыстық зорлық-зомбылық – бүгінгі күннің өзекті мәселесінің бірі. Статистикаға сүйенсек, елімізде әрбір алтыншы әйел зорлық-зомбылықтың құрбаны болады. Дәл осы мәселені терінінен қозғаған «Жұпар жүрек» фильмінің жабық көрсетілімі өтті. Көрсетілімге мәдениет саласының майталмандары, БАҚ өкілдері, психологтар, құқық қорғау саласының мамандары қатысты.

Фильмнің продюсері Арман Боранбайдың айтуынша, сценарий өмірде болған оқиғалардан құралған. Сценарий жазу оңай болмапты.

– Біз бұл тақырыпты жеңіл әзілмен көрсете алмаймыз. Әрбір кадр, әрбір диалогтың шынайы шығуына аса мән бердік. Сценарийді жазуға тоғыз ай уақыт жұмсадық. Бұл жай ғана кино емес, қоғам айнасы. Қазіргі таңда отбасында болып жатқан зорлық-зомбылықты жасырып жүрген әйелдер өте көп. Ал мұндай ортада өскен баланың болашағы бұлыңғыр. Біз осы фильм арқылы зорлық-зомбылықты тек жеке адамның емес, бүкіл қоғамның дерті екенін жеткізгіміз келді, – дейді Арман Боранбай.

Оқиға түрмеден шыққан ер адамның үйіне оралуынан басталады. Әйелі мен баласы оны қуанып қарсы алады. Бірақ түрме тәртібіне үйренген ер адам үй ішінде билік орнатуға тырысады. Қол көтеру, балағаттау, ішімдікке салыну күнделікті дағдысына айналады. Достарын жиі шақырып, шу шығарады, үйден береке кетеді. Әйелі мен баласы шарасыз күй кешеді.

Бұл көріністі көріп өскен бала бірте-бірте кекшіл әрі тұйық болады. Мектепте, достарының арасында булдинтке ұшырайды.

Ал әкесі болса, ішімдік пен ашу-ызаның салдарынан жүрек ауруына шалдығады.

Фильмнің екінші желісінде мейірімге толы ауыл мұғалімінің тағдыры суреттеледі. Ол күтпеген жерден жол апатына ұшырап, өмір мен өлім арасында арпалысады. Дәрігерлер оның өмірін сақтап қалу мүмкін еместігін айтып, жүрегін донорлыққа беруді ұсынады.

Қыян сәтте шешім қабылдаған ата-ана ұлының жүрегін өзгеге сыйлауды жөн көреді. Сол жүрек арқылы бір адамға өмір сыйлағысы келеді. Бұл жүрек бір адамның өмірін сақтап қалады.

Күндердің бір күнінде, баласынан айырылған қарт ата-анаға өткен күндер ой салады. Олар марқұм ұлы көзі тірісінде жасаған кішкентай ғана құс ұясын еске алды. Бір кездері ауруханада сол ұяны бір баланың қолына ұстатып кеткен еді.

Бір күні олар баланың үйіне барады. Есікті ашқан сәтте, үй иесінің таныс бейнесі, кеудесіндегі тыртық қарт ананың жүрегін дір еткізеді. Көңіл түкпірінде әлденені сезгендей болды. Сөйтіп, баласының жүрегін кімге донорлыққа бергені жайлы мәлімет іздестіреді. Арнайы құжаттарды қарап, көптен іздеген шындыққа қол жеткізді.



Сол күннен бастап, бұл үйге жиі келіп, балаларының жүрек дүрсілін тыңдауға рұқсат алды. Әр тыңдаған сайын ұлдарының бала күнгі қылықтарын, арманын, күлкісін айтып беретін. Мейірімге толы бұл сәттер бір кездері қатыгездік пен ашуға толы адамның да жан дүниесін жылытып, жүрегіне адамдықтың дәнін еккендей болды. Бұл фильмнің тек бір бөлігі ғана. Фильмді тамашалаған көпшілік көз жасына ерік берді.

– Бұл фильм мені ойландырды. Мениңше, бұл фильм тек әйелдер үшін емес, ер адамдар үшін де түсірілген. Өйткені азамат отбасы алдындағы жауапкершілікті түсінуі тиіс. Мұндай туындылар адамдардың санасын оятып, өмірін өзгертуі мүмкін, – деді Ардак Ойнарова

Қоғам белсенділері де фильмнің маңызын атап өтті. Психологтар болса, мұндай шығармалардың адамдардың ішкі қорқынышын жеңуге көмектесетінін айтады. «Жұпар жүрек» – тек бір отбасының немесе бір адамның емес, тұтас қоғамның мәселесін көтерген туынды. Ол зорлық-зомбылықты жасырып, үнсіз қалудың орнына, ашық сөйлесуге шақырады. Фильм көрерменге ауыр болса да, шынайы өмірдің суретін көрсетеді.

Айдана БАХТИЯР

2025 жылғы 31 тамызға тағайындалған Қарауылтөбе ауылдық округі әкіміне кандидаттарды тіркеу туралы Қызылорда қалалық сайлау комиссиясының ХАБАРЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 113-5 – бабының 9-тармағына сәйкес Қызылорда қалалық сайлау комиссиясы хабарлайды:

Қарауылтөбе ауылдық округі әкімі лауазымына барлығы 3 кандидат ұсынылды. Қызылорда қалалық сайлау комиссиясының 2025 жылғы 6 және 7 тамыздағы шешімдері негізінде 2025 жылғы 31 тамызына тағайындалған Қарауылтөбе ауылдық округі

әкімінің сайлауына кандидаттар болып тіркелді:

1. Ахетов Еркін Абдрайханович – 1973 жылы туған, ұлты қазақ, Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласы Қарауылтөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ әкімі, Қарауылтөбе ауылдық округінде тұрады. «AMANAT» партиясының мүшесі, «AMANAT» партиясы ұсынған;

2. Шуменов Ербол Пранович – 1980 жылы туған, ұлты қазақ, Қарауылтөбе а/о әкімі аппараты

«Қарауылтөбе ауылдық клубы» МКҚК директоры, Қарауылтөбе ауылдық округінде тұрады. Өзін-өзі ұсынған;

3. Шалбол Өркен Санатұлы – 1991 жылы туған, ұлты қазақ, Қызылорда қаласы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық жұмыстар бөлімінің басшысы, Қызылорда қаласында тұрады. Өзін-өзі ұсынған.

Қызылорда қалалық сайлау комиссиясы

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ — ҚОҒАМНЫҢ БАСТЫ МІНДЕТІ

Бүгінгі таңда қоғам алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және оның алдын алу. Бұл – тек құқық қорғау органдарының немесе мемлекеттік мекемелердің ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті.

Сыбайлас жемқорлық – бұл лауазымды тұлғаның өз өкілеттігін және қызметтік мәртебесін жеке немесе делдал арқылы өзі не басқа тұлғалар үшін мүлділік, басқа да пайда табу мақсатында пайдалануы. Ол — мемлекеттің дамуын тежейтін, халықтың билікке деген сенімін азайтатын қауіпті құбылыс.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен оған қарсы күрестің құқықтық негіздері нақты көрсетілген. Мемлекетіміздің басты мақсаты – ашықтықты, жариялылықты қамтамасыз етіп, қоғам өмірінің барлық

саласында адалдық пен әділдікті орнату.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың бірнеше негізгі тетігі бар. Оның ең біріншісі – қоғамда заң үстемдігін орнату. Одан кейін мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормаларын сақтауын қамтамасыз ету. Ашықтық пен есеп берудің тиімді жүйесін қалыптастыруда септігін тигізеді. Білім беру арқылы азаматтардың құқықтық санасын арттыру да маңызды тетіктер қатарында. Қоғамдық бақылауды күшейткенде ғана біз осы тетіктерді тиімді пайдалана аламыз.

Мемлекеттік органдарда және мекемелерде этика, тәртіп және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында

тұрақты түрде түсіндірме жұмыстары, семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізіліп келеді.

Өзім қызмет ететін төтенше жағдайлар органдары – халық игілігі үшін қызмет ететін құрылым. Сондықтан да Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар департаментінде сыбайлас жемқорлықтың кез келген түріне мүлдем төзбеушілік қағидаты берік орныққан. Қызметкерлер өзара адалдық, әділдік және заңға мойынсұну бағыттарына басты қағида ретінде ұстанады. Әрбір қызметкер сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеуге міндетті және ол үшін жеке жауапкершілік жүктеледі.

Мақсат ТӨРЕМҰРАТ,
Төтенше жағдайлар департаментінің бас маманы

ТАМИЗДЫҢ ЕКІНШІ ЖЕКСЕНБІСІ – ҚҰРЫЛЫСШЫЛАР КҮНІ

Қаланың төрінде
қолтаңбам қалған
ғимарат көп

– Міне, мына нысан болашақта халыққа қызмет ететін сауда орталығы болмақ. Ғимараттың ішкі бөлігі пайдалануға дайын. Қазірдің өзінде кәсіпкерлер келіп, өзін қызықтырған нүктелерді алуға қамдануда. Осы күні біз сыртқы жұмыстарды атқарып жатырмыз, – дейді Ғалымжан Мәлікұлы.

Құрылысшылар күні қарсаңында мекеме құрылысшыларының жағдайын сұрадық.

– Егер мекеме жаман болса, ашылғалы бері ширек ғасырға жақын уақыт жұмыс істейміз бе? Мекеменің саясаты басшысына байланысты. Адам болған соң басымыздан түрлі жағдай өтеді. Оның әрбірінде мекеме өзі үн қосып, қолтығымыздан демеп жүр. Мәселен, баспанам өргеніп, басыма іс түсті. Мекеме бір айда үйге кіргізіп берді. Ондай жақсылықты ұмытпайсың ғой, – деді білікті құрылысшы.

Мекеме құрылғалы бері жұмыс істеп келе жатқан мамандардың қатарында Рашид Төлегенов пен Алик Іскендіров те бар. Олар да өңір құрылысының қарқынды дамуы үшін маңдай терін төгіп жүр. Олар қызметін міндетсізбейді, қанша зәулім ғимаратты салса да, онысына масаймайды, қарапайым болмысымен жұмысын таныстырды.

– Қаншама әлеуметтік нысан салдық. Ел оның игілігін көріп жүргенінің өзі маған қуаныш сыйлайды. Мектеп, аурухана, балабақша, сауда орындары, айта берсең көп. Олардың қай-қайсысында да қолтаңбамыз жарқырап тұр. Қазір – зейнеткермін. Бірақ маман тапшылығы болған соң, бойымда қайратым барда қызмет ете беремін деп түйдім, – дейді Алик Асылбекұлы.

Өрине, құрылысшы болу – жай ғана кесекті қалап шығу емес. Оның ары сыртында жауапкершілік жүгі бар. Ішіне мыңдаған адам кіріп-шығатын нысанның сапалы салынып, оның ары қарай өміршең болуы да осы құрылысшылардың ар мен ождан алдындағы азаматтық борышы тәрізді.

– Кез келген мамандықтың қиындығы мен қызығы болады. Құрылысшы болудың өзіндік ерекшелігі – жауапкершіліктің зор болуында. Бір адамның емес, көп адамның, қара орман халықтың алдында жауаптысың. Сапаға сай болуын, әрине, техникалық қадағалаушылар да қарайды. Бірақ ең негізгі міндет өзінде. Міне, соның бәрін ақылға салып, ойлап

Басы 1-бетте



жүріп, еңбек етесің. Ал өзін салған нысанның қасынан өткенде, елдің көдесіне асып жатқанын көргенде кеуденді мақтаныш кернейді, – дейді Рашид Асанұлы.

Иә, құрылыс қолды құрылысшылардың мерекесі қарсаңында біз қарапайым еңбеккерлерді көрсеткіміз келді.

Олардың еңбегінің қаншалықты екенін бір сәт сіздермен бөлісіп, құрмет қылсақ деген ой еді. Ал олар үшін ең үлкен сый – халықтың алғысы.



– «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы көп ауылға мүмкіндік болды. Бағдарлама аясында көп ауыл жыртығын жаман, бүтінделіп қалғандай. Ауылдарда биыл қандай жұмыс атқарылды?

– Иә, қазір де бұл бағытта қыруар жұмыс бар. Жоба шеңберінде 2 282,1 млн теңге бөлінді. Биыл жоба аясында Қызылжарма ауылында 67 көшеге электр желілерінің құрылысы, Ақсуат ауылдық округіне қарасты жаңа қоныс аумағының электр желісін жалғастыруға, Қосшыңырау ауылдық округіне қарасты Досан елді мекеніндегі

Басы 1-бетте

жаңа қоныс аумағына электр желісі жобасын жалғастыру, Қызылжарма ауылында электр желілерінің құрылысын аяқтауға, Қызылөзек ауылдық округіне қарасты Қараөзек ауылы, Қараөзек бекеті, Айнақол ауылдарына электр тарату желілерін қайта жаңғырту жобасын жалғастыруға көңіл бөлінді.

– Қала іргесіндегі елді мекендердің жана қоныстарында ауызсу мәселесі әлі де бар екені анық. Құрылыс саласындағы бұл бағыт елге нағыз керектігі өзі. Мән беріліп жатыр ма?

– Осы ретте айта кеткен жөн, «Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту» бағдарламасы жұмыс істейді. Биыл бұл бағытта 9 116,9 млн теңге бөлінді. Қандай жұмыстар орындалады десеніз, айтайын, әуелі Қызылорда қаласында ағын суларды тазарту қуаты тәулігіне 70 мың текше метр биологиялық тазарту станциясын жаңарту және автоматтандыру бағытындағы істі жалғастыруға мүмкіндік туды. Сондай-ақ 2023 жылы басталған «Қызылорда қаласының кәріздік сорғы станцияларын реконструкциялау және жаңғырту. «Рабочая» көшесінің бойындағы 3 агрегатқа арналған №13 «Гагарин» КСС» жобасын жалғастыруға, Қызылорда қаласында Камалов көшесі бойымен Н.Шәменұлы көшесінен Көкенов көшесіне дейін су құбыры желісін қайта жаңартуға, Қызылорда қаласында Ге Бон У көшесі бойымен Қазақстан көшесінен Ш.Айманов көшесіне дейін, Ремонтников (Киселев) көшесі бойымен Қазақстан көшесінен Ш.Айманов көшесіне дейін, Пугетшев көшесі бойымен Қазақстан көшесінен Жанқожа батыр көшесіне дейін су құбыры желісін қайта жаңартуға, Қызылорда қаласында К.Байсейітова көшесімен, «Сейхун» институты, «Евразия» спорт кешені, Есенов көшесі, Ф.Мұратбаев атындағы орталық стадионнан №5 КНС-ке дейінгі өздігінен ағатын кәріз желісін қайта жаңғырту, Қызылорда қаласында Ыдырысов көшесі, Жұрба көшесінен Ыдырысов түйігінге дейінгі су жүйелерін қайта жаңғыртуға, Қызылжарма ауылдық округінде жалпы қуаттылығы 1440 текше метр болатын 3 дана ұңғыма бұрғылауға және Белкөл

кентінде су құбыры, қысымды кәріз желілерінің құрылысын жүргізу жұмыстары осы бағдарлама аясында реттеледі. Мұнан басқа да сан түрлі атқарылған шаруа бар. Қаланың шет аймағындағы Жас Алаш, Өңеге, Тұмароткел көшелері мен Сабақал елді мекенінде де жобаларымыз жетерлік.

– Өрине, сапалы, таза ауызсу тұтыну осындай жақсы жұмыстардың жемісті нәтижесі екені анық. Қала әкімінің есепті кездесуінде де «көгілдір отын» мәселесі, қаланың кейбір бөліктері табиғи газға қосылмағаны айтылып еді. Бұл тақырыпқа байланысты не айтар едіңіз?

– «Газ тасымалдау жүйесін дамыту» бағдарламасы шеңберінде Ұлттық қор есебінен 200 млн теңге қаражат Сабақал елді мекеніне орамшілік газ желісі мен ШГРП құрылысына, 1-ші іске қосу кешенін жүргізуге бөлінген еді. Қазір бұл қаражат толық игерілді. Мұнан бөлек те Қызылорда қаласында орамшілік газ құбырлары желісін салу жобасын аяқтауға 331,8 млн теңге бөлініп, оның 288,0 млн теңгесі жоғары бойынша игерілді.

Осы жерде айта кетейік, біздің тарапымыздан кәсіпкерлерді қолдау бағытында көп жұмыс бар. Мәселен, «Кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік қолдау шаралары шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамыту» бағдарламасымен «Қызылорда қаласы, Сол жағалау шағын ауданы, 188Б құрылыс мекенжайында ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтауға арналған қоймалары және шағын өнеркәсіптік партері бар коммуналдық базар құрылысы. Сыртқы желілері» жобасына 178,6 млн теңге бөлінді. Бүгінде құрылысы аяқталуға жақын.

– Байқап отырсақ, әрбір құрылыс жұмысына қыруар қаржы бөлініп отыр. Бұл, әрине, алдымен, мемлекеттің қолдауы. Біздің өмірдегі құрылысқа қандай баға берер едіңіз?

– Жоғарыда алғашқы сұрағыңыздан бастап, әрбір жобаның қаражатына тоқталдым. Өйткені онда үлкен мән бар. Біздің аймақтың қарқынды құрылыс алаңына айналуы аймақтың экономикасын көрсетеді. Біз бұл бағытта алдыңғы қатарда келеміз.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Алғыстан асқан сыйлық жоқ

Сол жағалауда заман талабына сай үйлердің қатары артауда. Таяу маңда пайдалануға берілетін 78 пәтерлік тұрғын үйдің ауласында қызу жұмыс жүріп жатыр. «Сәт-Сервис» құрылыс компаниясының қызметкерлері осында маңдай терін төгіп жүр. Табанды еңбектің басы-қасына барып, құрылысшылармен тілдесіп қайттық.

Марат Қасымбеков «Сәт-Сервис» мекемесінде бес жылдан бері прораб болып жұмыс істейді. Ол бүгінде құрылыс саласында барлығы автоматтандырылғанын тілге тиек етті. Нәтижесінде құрылыс сапасы жыл өткен сайын артып келе жатқанын мақтанышпен жеткізді.

– Қазір бұл үйдің құрылыс жұмыстары толық аяқталды. Тек тазалық жұмыстарымен айналысып жатырмыз. Мұнда 20 адам, 5 арнайы техника жұмылдырылған. Қызылордадағы құрылыстың қарқыны қуантады. Біз әрбір үйді



салып болған сайын, пәтер кілтін табыстаған сәтте тұрғындардың қуанышынан шабыт аламыз. Жұмысты одан әрі де сапалы істеп, елдің алғысына бөленудеміз, – дейді Марат Қасымбекұлы.

Аулада тазалық жұмыстарымен қатар абаттандыру да қызу жүреді. Бұл шаруаны «RS жол сервис» мекемесі мойынға алған. Учаске басыпсы Азамат Тұрғанбаевпен тілдестік. Көлік қотатын орындардың асфальт жабындысын төсеп жатырмыз. Балалар ойнайтын алаңның бірнеше түрі, үлкендерге арналған барқаут – мұның барлығы осы жерде болады. Тұрғындарға қолайлы жағдай жасап, қуаныш сыйлаймыз. Әрбір қазақ пәтер жағаламай, өзінің баспанасында отырса екен деп тілеймін. Осы жолда біз де өз тарапымыздан маңдай терімізді төгіп келеміз, – дейді Азамат Бекмұратұлы.

Бүгінде әрбір нысанның сапасы мен жұмыстың уақытылы бітігін қадағалап жүрген білікті мамандар бар. Солардың бірі – қалалық құрылыс бөлімінің әліскер маманы Нұржан Қани. Ол бұл тұрғын үйдің әлеуметтік осал топтарға арналғанын айтты.

– Сол жағалаудағы №5 шағын аудандағы 78 пәтерді құрайтын тұрғын үй құрылысы осал топтарға табыстау мақсатында 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында сатып алынған. Жоба құны – 1 млрд 200 млн теңге. Бұл үйді кезекте тұрған осал топтағы азаматтарға табыстаймыз. Сыртқы абаттандандыру жұмыстары қарқынды жүргізілуде, – деді ол.

Тауда сол жағалауда тағы да қоныс той. Біз алдағы уақытта да осындай қуанышты сәттердің куәсі болатынымызға сенеміз.

Бетті дайындаған Дәулет ҚЫРДАН

«ПАЙДА ОЙЛАМА, АР ОЙЛА...»



Отыз бесінші қара сөз

Махшарға барғанда құдай тағала қажы, молда, сопы, жомарт, шейітерді қатар қойып, сұрар дейді. Дүниеде ғиззат-хұрмет алмақ үшін, сый-құрмет алмақ үшін қажы болғанды, молда болғанды, сопы болғанды, жомарт болғанды, шейіт болғандарды бір бөлек қояр дейді. Ахиретке бола бір ғана құдай тағаланың разылығын таппақ үшін болғандарды бір бөлек қояр дейді.

Дүние үшін болғандарға айтар дейді: «Сендер дүниеде қажеке, молдеке, сопеке, мырзеке, батыреке аталмақ үшін өнер қылып едіңдер, ол дүниең мұнда жоқ. Сендердің ол қызықты дүниең харап болған сонымен бірге қылған өнерлерің де бітті. Енді мұнда құрмет алмақ түгіл, сұрау беріңдер! Мал бердім, өмір бердім, не үшін сол малдарыңды, өмірлеріңді, бетіне ахиретті ұстап, дін ниетін дүниеде тұрып, жұртты алдамақ үшін сарып қылдыңдар?» – деп.

Өне шын ниетіменен орнын тауып, бір құдайдың разылығы үшін өнер қылғандарға айтар дейді: «Сендер бір ғана менің разылығымды іздеп малдарыңды, өмірлеріңді сарып қылып едіңдер, мен разы болдым. Сіздерге лайықты құрметті орным бар, дайын, кіріңдер! Һәм ол разылықтарыңнан басқа осы махшар ішінде, сендердің осы қылғаныңа өзі қылмаса да, іші еріп, ынтық болған достарың табылса, шафағат қылыңдар!» – деп айтар дейді.

АБАЙДЫ НАСИХАТТАҒАН КҮН

Биыл кеменгер акын Абай Құнанбайұлына – 180 жыл. Осыған орай, ел көлемінде ауқымды әрі мазмұнды іс-шаралар ұйымдастырылып жатқаны баршамызға мәлім. Бұл тек қана мерейтой емес, Абайды қайта тануға деген жаңа қадам. Ақынның «болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеніз» деген өсиеті бүгінгі ұрпаққа әлі күнге дейін бағыт сілтеп тұрғандай. Осындай іс-шаралардың бірі ақынның аты берілген, яғни Қосшыңырау ауылдық округіне қарасты Абай ауылында өтті.

Ауылға кіргеннен-ақ Абай өлеңінің әуезі естілді. Желмен бірге жеткен таныс ырғақ жүректі тербеп сала берді. Абайдың сөзі ән болып құлаққа, жүрекке сіңіп жатты. Ауылдың кеші, көл жағасында құрылған сахна. Сахнада Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» әні баяу ырғақпен шырықалып жатыр. Керемет көрініс! Төңірек түгел мерекелік күйге бөленген сахнаның бергі жағында қайнаған қазан-ошақ, кеңінен жайылған дастархан.

Кешкі самалмен бірге Абайдың сөзі оқылған сайын жүрек те дір етіп, ымыртта бір жарық сәуле шашқандай болады. Жиналған халықтың қарасы да қалың. Өн мен жыр әуелеп, көрермендер толассыз қошеметін көрсетуде.

– Абай халқымыздың жүрегіндегі шырақ секілді. Бүгінгі кеш соның дәлелі. Осындай көлдің жағасында, мынадай керемет кеште Абайдың әні әуелеп тұрғаны қандай ғажап, – дейді ауыл тұрғыны ардагер ұстаз Марап Оспанова.

Сондай-ақ Талсуат ауылдық мәдениет үйінде өткен «Ұлылардың ұлысы – Абай» атты облыстық көркемсөз байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі осы Абай ауылында жалғасын тауып, байқау жеңімпаздарына жүлделі сыйлықтар табысталды. Әрі қарай кеш Абайдың «Өзгеге көңілім тоярсын», «Жүрегім нені сезесің?», «Желсіз түнде жарық ай», «Сегізаяқ», «Айттым сәлем, Қаламқас», «Көзімнің қарасы» әндерімен жалғасын тауып, акын өлеңдері оқылды. Кеш қарая осы маңда жүрген жасы да, үлкені де

жиналып, кешкі алау жағылды. Алаудың айналасына жиналған халық Абай әндерін бірге шырақды. Абай әнінің әуезді болғаны сонша, алыстан жарқырап тұрған жұлдыздар да осы әуенте ілескендей сезілді. Кешті осындай керемет көңіл күйде аяқтап облыс орталығына жолға шықтық.

Иә, Абайдың сөзі, Абайдың үні уақыт өткен сайын жаңғырып келеді. Осы жолғы шара соның айқын дәлелі.

Нұржан
НҰҒЫМАДИЛЛА



Сара Бақтиярқызы, Абайтанушы, филология ғылымдарының кандидаты:

АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ – ӨМІРЛІК МЕКТЕП

– Сара Бақтиярқызы, біз Абайды қаншалықты танып жүрміз?

– Абай Құнанбайұлы өмірден өткеннен кейін алғашқылардың бірі болып, Әлихан Бөкейханов «Семипалатинский вестник» газетінде Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы көлемді мақала жариялады. Бұл мақала тек қазақ даласына ғана емес, Ресей жеріне де тарады. Оның артынан 1915 жылы Ахмет Байтұрсынұлының редакторлығымен «Қазақ» газеті шықты. Осы газетке «Абай – қазақтың бас ақыны» деген атақты мақала жарияланды. Сол мақалада «Бұрын-соңды мұндай акын болған емес» деп келтіреді. Мұндай акын деп отырғаны – Абай. Ұлт ұстазы ұлы Абайға осындай баға берді. Әлихан Бөкейханов «Дала данышпаны» деп атады. Шәкәрім Құдайбердіұлы Абайдың ақындығы мен хакімдігін қоса мойындады. Ал Мұхтар Әуезов «Жаңа әдебиеттің көшбасшысы» деген мәлімдеме жасады. Ахмет Жұбанов «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» дейі.

Солдай бола тұра Абай – күйіп кеткен адам. Бақытсыз болған, қорланған адам. «Мен ішпеген у бар ма?» дейді. «Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла» деп келтіреді. «Менмен жалғыз алыстым, кіно қойма» дейді. Тағы бірде «Жүрегім менің қырық жаман» деп налиды. Бұл өлеңдерді оқып отырып, Абайдың өмірі керемет болды деп айта алмайсың.

– Неліктен?

– Қарап отырсаң, өмірде мынадай бір жағдайлар болады екен. Алла тағала бес ғасырда бір тұлғаны дүниеге әкеледі. Ол адам жеке басиңда үлкен жетістіктерге жетпеуі мүмкін, бірақ оның артында мол мұра қалады. Бүкіл өмірін халқына арнайды. Әл-Фараби, Аристотель, Қожа Ахмет Йасауи сөзіме мысал бола алады. Абай – осындай тұлға.

Жүсіп Баласағұнның мынадай бір керемет сөзі бар. «Егер өзін біліп тұрсың, соның дұрыс екенін біліп тұрсың, бірақ соны айналаға айтсаң, айналада соны қабылдайтын орта болмаса, тыңдайтын құлақ болмаса, сенің біліп тұрғаның өзіңнің бойыңа зәр болып жайылады» дейді. Абайдың да бір сөзі елді ағартушылыққа үндеу, жарыққа шығару болды.

Абайды байлап сабаған да, түрмеге қаматқан да, өлуге дейін жеткізген де сол – қазақ.

– Абайды түсінбеді ғой сол қазақ. Тіпті Құнанбай да оның жан дүниесіне үңілмеген бе?

– Құнанбайдың төрт әйелі болған. Бейбінесі Күнкеден бір ғана бала болды. Ол – Шөкәрімнің әкесі Құдайберді. Екінші әйелі – Ұлжан. Одан Тәңірберген (Төкежан), Абай, Оспан, Ысқақ туады. Үшінші әйелі Айғыздан Халиолла, Смағұл есімді екі ұл туады. Төртінші әйелі Нұрғаным Құнанбайдың ұлы Төкежанмен қатар еді. Құнанбай мен Нұрғанымның арасында бала болмаған. Халық түсінбегені былай тұрсын, Абай өзінің туған ағасы Төкежанмен, оның баласы Өзімбаймен халық үшін, елдің жағдайы үшін қырылысып өтеді. Халық отырықшылыққа

үйреніп, егінін күзде жинап аламыз деп отырған кезде Төкежанның баласымен бірге үйір-үйір жылқысын халықтың егініне салып жіберуі Абайдың жанына батты. Абай қара сөзінде: «Мен осы қазақпын ба, қазақ емеспін бе? Қазақтың дейін десем, көзқарасым мүлдем бөлек. Бір әке, бір шешеден, бір қаннан тарап отырған ағамның әрекеті мынау», – деп күйінеді. Сол заманынан оза туған Абайдың бар алған білімі мынау. Құнанбай Ғабитхан деген молданы Уфадан алдырып, балаларының барлығын мұсылманша оқытқан. «Әке –

балаға сыншы» деген ғой, Құнанбай Абайдың қабілетін байқап, екінші бірі қолы жетпейтін Семейдегі Ахмет Риза медресесіне оқуға жібереді. Ол жай медресе емес, көптеген пән оқылатын, тереңдете білім беретін орын болады. Сонда Абай ерекше таңданады. Семейдегі кітапхана ең бай кітапханалардың бірі болатын. Абай мұны көріп, жаңадан дүниеге келгендей әсерде болады. Шығыстың жауһарларының шығармаларымен таныса бастайды. Батыстың шығармаларын да оқиды. Аударма арқылы әлем классиктерін оқиды. Сөйтіп,



Басы 1-бетте

Меншік иесі:

СЫР
МЕДИА

жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)

Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)

Қабалдау болмесе - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)

Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)

Жауапты хатшы, болмалар - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.

«Ақмешіт апталығы» қалыптасқан КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, хабарландыру несінің жауапты екендігі ескерілгені. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

оның өрісі кеңейеді. Абай қолынан келгенше білім алу керек, сананы түзету керек деп түйеді. Бірақ араға үш жыл салып, Құнанбай Абайды алдырып алады. Сондағы ойы дұшпанның көбейгенін, болыс болып, ізін басу керекін айтады. Абай да барынша бас тартады. Бірақ әкенің шешімі бәрбір орындалады. Сол келгеннен Абай 13 жыл ел басқарды.

– «Болыс болдым, мінеки» дейтін сәті ғой. Абай болыстықтан рахат алды ма?

– Жоқ, оның «Бұл – менің қолым емес екен. Халықты соныменан ерте алмадым» дейтіні бар. Қара сөздерінде келтіреді. Абай он жасынан бастап өлең жазды. Бірақ оны өз атынан емес, жақын досы Көкбайдың атынан жариялады. Болыстықтан соң Абай «Болыстығымнан түк шықпады. Одан да мен халықты шығармаларым арқылы оятып, оларға ой салармын» деп, қолына қайта қалам ұстады. Ол сананы өзгерту керек деген ойға келеді. Абайға дейін қара сөз болмаған.

Абай мен Алаш ұғымы егіз. Абайсыз Алаш жоқ, Алашсыз Абай жоқ. Өйткені Алаш зиялыларының идеясы Абайдың идеясымен астасып жатты. Барлығы да халықтың, елдің мүддесін бөрінен биік қойды, бөрінен жоғары бағалады. Абай мұрасы – ұлт мұрасы. Ұлтты алға жетелеуді, жарыққа шығаруды ойлады.

– Абай мұрасын зертеуді кезең-кезеңге бөліп қарастырсақ, қалай бөлір едіміз?

– Мағжан Жұмабаев, Сағди, Жүсіпбек Аймауытов, Ахмет Байтұрсынұлы, Мекемтас Мырзахметов, барлығы Абайды тануға, зерттеуге өте қомақты үлес қосты. Жұнырма жылы созылған бұл кезеңді қарқынды кезең деп айтамыз. Ал 1930 жылдан бастап Абай шығармаларына бұлт төне бастады. Алаш зиялылары тарыдай шашырап, қазақтың бас көтерер әрбірін жойып жіберіп жатқанда «Бұлардың көссемі – Абай. Абайдың шығармаларын жою керек» деп, көптеген шығармаларын жоқ қылып жіберді. Абайды елге танытамын дегендер өздерін таппай қалды. Бұл – тоқырау кезеңі. Бұл кезең 18 жылға дейін созылды. Бұдан кейінгі құлдырау кезеңінде Абайды ақын ретінде тану күшейді, бірақ шығармаларын жою науқаны қызу жүрді. Келесі кезең – жаңа кезең. Біз қазір сол кезеңдеміз.

– Жаңа кезеңде бір тыннан түрен салған жанашылдықтар болды ма?

– Өрне, Абай мұрасын іздеушілер оның аяқталмай қалған өлеңдеріне дейін тапты. Заки Ахметов, Рүстем Берденбеков, Мекемтас Мырзахметов, Қайым Мұхамеджановтар Абайдың толық адам тұжырымдамасына дейін зерттеп, бірінен соң бірі Абайтану ғылымы-зерттеу институтында қорғай бастады. Олардың әрбірінде үлкен жаңалықтар болды.

Абай – жазба әдебиеттің негізін қалаушы. Абай қара сөздері арқылы қазақ проза жанрына қалыптастырды деуге болады. Сонымен қатар ол табиғат лирикасының негізін қалады. Оған дейін Майлықожа Сұлтанқожаұлының қыс пен жазды айтыстыратыны болмаса, басқа табиғатқа арналған өлеңді білмеймін. Майлықожа қысты шалдың, көктемді жігіттің бейнесінде алып, бір-бірімен айтыстырады. Ал Абайдың жылдың төрт мезгіліне арнаған өлеңдер бар. «Кәрі құдаң қыс келіп әлек салды» дейді «Қыс» өлеңінде. Кәрі құда деген тенеуіңді өзі неге тұрады?!

Мұнан бөлек, Абай қазақ әдебиетіндегі өлеңнің буын, бунақ, шумақ – осының бәрін өзгертіп, дамуың жаңа кезеңіне өкелді. Ал оның суреткерлігіне тіпті сөз жоқ. Оның шоқпардай кекілі бар, қамыс құлағын оқыған Жетісудағы Жөменке арнайылап барып, «Маған сол сұлу жылқыны көрсет» деген емес пе?! Сол

кездегі кісілердің кереметі ғой, Абаймен араздығы бар Оразбай сұлу жылқы таппай жатқан Абайдың еліне «Мен Абайдың өзімен аразбын, шығармашылығыммен емес. Жөменке іздеген жылқы мынаның ішінен табылып қалар» деп алдына үйір-үйір жылқы айдатып жіберген емес пе?! Міне, Абайдың суреткерлігінің бір дәлелі – осы. Оның қай өлеңін оқысаңыз да, көз алдыңызға көрініс келеді.

– Жоғарыда сіз айтып өткен толық адам тұжырымдамасында Абайдың ойынша, толық адам кім?

– Мұнда Абай «Алланы сүйі, адамзатты сүйі, әділдікті сүйі – осы үшеуі қосылып, имани тұл болады» дейді. Кімде иман бар, онда ар-ұят бар дейді ол. Міне, толық адам сол. Абай тағы бір қара сөздерінде «Рух бар жерде білім бар» деп келтіреді. Сонда рух деген не нәрсе? Рухаң мықты болсын дейді. Меніңше, рух мына есенді тіктесп, жігеріңді жанып, қайратанды арттырып тұратын, көзге көрінбейтін, бірақ бойыңды ұстап тұратын сондай бір тылсым. Абай осының бәрін көре білген.

– Журналист Қасым Аманжол «Абайды сабаған қазақтың табанынан сүйер ем» деген еді. Қазіргі қазақтың дегеней сол кездегінен төмен деп күйінгеннен шығар... Сіз қалай ойлайсыз? Сол Абай сүйреген, Абайды түсінбеген қазақ қазір өзгерді ме?

– Мен де кейде Абай бес минутқа басын көтеріп, бүгінгі қазаққа қараса қуанар ма еді, мұңар ма еді деп ойланамын. Бірақ алансыз бәрі кері кетті дей беруге болмайды. Сол Абай айтты, күйінген жылқаулық әлі де бар. Көре алмаушылық пен ұсақталуды қосқанда сол үшеуі ғана кейін тартпаса, оқу-білім дегеніңіз қазір қолжетімді. Қолын мезгілінен кеш сермеп жатқан адамды көрмейсің. Ал шыдап келгенде, қазақ – ең ақылды, ең данышпан халық.

– Абай мұрасы тәлім мектебі бола алады ма? Әрбір адам қаншалықты өмірлік сабақ алуға болады?

– Біз Абайды мақтамауымыз керек, біз Абаймен мақтауымыз керек. Оны мақтап қажеті жоқ, Абайды әлем таниды. Тек лайықты мақтауымыз керек. Абайда бәрі бар. Онда философия да, экономика да, тәрбие де бар. «Есектің артын жу да, мал тап» дейді. Нағыз бүгінгі күннің тәмсілі. «Сақалын сатқан көріден, еңбегін сатқан бала артық» дейді. Оның өзі үлкен тәлім емес пе?! «Досы жоқпен сырлас, досы көппен сыйлас» дегені тағы бар. «Қайтысыздан сақ бол, қайғылыға жак бол» дейді. Біз Абайдың әр сөзін тәлім үлгісіне айналады аламыз. Өмірлік мектеп екені даусыз. Қара сөздерінің әрбіріннен жақсылық пен жамандықтың ара жігін ажыратып, ненің не, кімнің кім екенін тани аламыз.

Асқар Жұмаділдаевтың математик екенін білмейтін адам бір сөйлескенде оны әдебиетші деп қалатыны анық. Сол кісі «Мен қатты шаршап кеткен кездерде Абайдың шығармаларын оқимын, өлеңдері мен қара сөздерін оқу арқылы мен жеңілдеп қаламын» дейді. Абай шығармашылығының шыңын бұдан артық қалай айта аласыз?! Абай түсінуге қиын ақын, бірақ оның әрбір сөзінде кесек-кесек ойлар жатыр. Кейінгі ұрпаққа осылай болу керек деген аманат жатыр.

Өрне, Абай туралы челлендж жолдаған да, конференциялар ұйымдастырған да дұрыс шығар... Бірақ тек Абай күні атап, басқа күндері ұмыт қалдыруға болмайды. Абайды жыл бойы дәріптеу керек.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Әңгімелескен Дәулет ҚЫРДАН



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖПС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4019 Таспырыс №1331

Нөмірдің кезекші редакторы Нұржан НҰҒЫМАДИЛЛА